Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті күніне арналған **«Сейфуллин оқулары – 9:** жоғарғы білім және ғылым дамуындағы жаңа бағыт» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары = Материалы Республиканской научно- теоретической конференции **«Сейфуллинские чтения – 9:** новый вектор развития высшего образования и науки**»** посвященная дню Первого Президента Республики Казахстан. – 2013. – Т.2, ч.1. – Б. 5-6

ТЕРРИТОРИЯНЫҢ АГРОБИОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЛАРЫН ТАЛДАУ МӘСЕЛЕСІ ЖӨНІНДЕ

Жанашова А.

Территорияны аймақтау аса күрделі ғылыми-әдістемелік міндет. Ол агробиологиялық потенциалын бағалауға негізделе отырып, бүкіл табиғи факторларды зерттеп талдауды қажет етеді. Сонғыларының құрамына жердің топырақ қыртысы, климаттық жағдайлар (температуралық режим, жауын-шашын мөлшері және т.б.), жердің бедері мен өсімдік жамылғысы, гидрография және жер асты суы кіреді. Нәтижесінде сол аймақтың жалпы биоклиматтық потенциалы анықталуы тиісті. Осы себептен қарастырылып отырған зерттеулерді жүргізу үшін бірқатар табиғи – климаттық жағдайларды сипаттайтын мағлұматтар қажет.

Биологиялық өнімділіктің негізгі климаттық факторлары болып, территорияның жылумен және ылғалмен қамсыздандырылғандығы табылады.

Жердің өндіргіш күші биологиялық потенциалдың негізгі көрсеткіштерінің бірі – балмен немесе осы балдың бағасымен өлшенді.Біздің мақсатымыз аталған агробиологиялық потенциалды (АБП) талдай отырып, оның шамаланған мөлшерін және пайдалану деңгейін анықтау. Бұл ғылыми міндет агропотенциалды құрайтын элементтердің бірі - өсімдіктердің өсіп өнуіне әсер етуін зерттеу арқылы жүзеге асырылады. Аталған элементтердің қатарына, бірінші кезекте, топырақтың құнарлылығы және климаттық жағдайлар (жауын-шашын көлемі, температуралық режим, желдің бағыты мен белсенділігі) жатады.

Агробиологиялық потенциалдың пайдалану деңгейін анықтау мақсатымен әрбір ауылшаруашылық дақыл үшін арнайы өнімділік деңгейі шкаласы құрастырылады. Өйткені дақылдар, түрлеріне қарай, сол потенциалды әртүрлі деңгейде пайдалана алады. Мысалы, Ақмола облысында бидай биоклиматтық потенциалдың 15-25%-ын ғана пайдаланады екен. АБП орташаландырылған пайдалану деңгейі Қазақстан бойынша құрайды: далада 19-24%; құрғақ далада 15-22%.

Демек, дәнді дақылдар агроклиматтық потенциалдың орташа шамамен 20% ғана игереді екен. Сонымен қатар бұл АКП барлығы емес, тек шаруашылықтық пайдалы бөлігі ғана игеріледі екенін айтып өткен қажет. Тандалған мәліметтер бойынша АКП игеру деңгейі аудандардың басым бөлігінде орташа мөлшермен 13-18% шамасында. Осымен қатар бұл көрсеткіштің өте төмен көрсеткіштері де байқалады.

Мысалы, Қорғалжын ауданында аталған көрсеткіш 10%-дан аспайды. Ал облыстың солтүстік аудандарында агробиологиялық потенциалды пайдалану деңгейі

Агроклиматтық потенциалды толықтыру мақсатымен Ақмола облысы аудандары бойынша жыртылған жердің құнарлылығын пайдалану деңгейі талданды. Бұнда топырақтың бонитет балы пайдалана отырып, ауылшаруашылық дақылдардың (дәнді) потенциалдық түсімділігі есептелінді. Соңғы шама ауданда 5 жылдық ішінде қалыптасқан іс жүзіндегі түсімділікпен салыстырыла отырып, табиғи топырақ құнарлылығының пайдалану деңгейі анықталды. Есептеулердің нәтижелеріне қарағанда аудандардың басым бөлігінде топырақтың құнарлылығы толық пайдаланылмайды екен. Бұл көрсеткіш аудандар бойынша +2%-дан (Еңбекшілдер) -35%-ға (Сандықтау) дейін аралықта ауытқып отырады. Бұл мәлімет топырақ құнарлылығының кейбір аудандарда тиімсіз пайдаланылуын көрсетеді.

Сонымен, бір жағынан, территорияның потенциалы агроклиматтық потенциалдан, ал екінші жағынан қосымша басқа табиғи ресурстардан тұрады. Соңғыларының ең маңыздысы топырақтың құнарлылығы. Осы екі фактордың ауылшаруашылық өндірісте пайдалану деңгейі талданды. Бұл талдаудың нәтижелері агробиологиялық потенциалдың аталған компоненттерінің толық пайдаланылмай жүргенін көрсетеді. Демек бұл бағытта ауылшаруашылық кәсіпорындарының бәсекелестік қабілеттілігін көтеру жағынан едәуір мүмкіншіліктер бар.

Алайда, АБП талданылып отырған екі компонентін бір-бірінен айырып, жеке қарастыруға болмайды, өйткені олар өзара байланысты болады және бір-біріне ықпал жасайды.

Осы жағдайды ескере отырып аталған екі компоненттің (территориялық факторлардың) бірлесе әсер етуі қорытынды түрде талданды. Бұнда аудандардың агроклиматтық потенциалы мен топырақтың құнарлылығын пайдалану деңгейі ескеріле отырып, олардың астық өндіру (сонымен бірге басқа да а.ш. дақылдарын) жөніндегі жалпы агробиологиялық потенциалы бағаланды. Әрине АБП тағыда бір қатар факторларды қамтиді. Дегенмен қарастырылып отырған жұмыстың шеңберінде олардың барлығын бірдей зерттеу мүмкін емес.

Келтірілген мағлұматтар әртүрлі аудандардың агробиологиялық потенциалын көрсете отырып, шаруашылықтарды тиімді мамандандыруға, ауылшауруашылық дақылдарды дұрыс шоғырландыруға мүмкіндік береді. Оның нәтижелері пайдаланыла отырып, облыстың (талданып отырған аудандар бойынша) территориясында микроаймақтау жүргізілді.

Аудандау схемасы бойынша астық өндірісін Шортанды мен Еңбекшілдер аудандарында шоғырландырылған жөн. Керісінше Қорғалжын және Ерейментау аудандарында негізінен мал шаруашылығын дамытқан экономикалық тұрғыдан тиімді.

Агробиологиялық потенциал бойынша аймақтау материалдары ішкішаруашылық және шаруашылықаралық жерге орналастыруды, олардың жобаларын жасауға және негіздеуге қолданылуы мүмкін.